

ONTÜSTİK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Қазақ, орыс және латын тілдері кафедрасы		37/11-()
«Қазақ тілі» (B1) пәнінен бақылау-өлшеу құралдары		4 беттің 1-беті

Бақылау-өлшеу құралдары

«Қазақ тілі» пәннен 2-аралық бақылауға арналған сұрақтар

Пәннің атауы: Қазақ тілі (B1)

Пән коды: КТ 1104



Білім беру бағдарламалары: 6B07201 «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы»

Оқу сағатының саны/кредиттер: 300 сағ. (10 кредит)

Оқу курсы мен семестрі: 1, I

2024-2025 оқу жылы

ONTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Қазақ, орыс және латын тілдері кафедрасы «Қазақ тілі» (В1) пәнінен бақылау-өлшеу құралдары		37/11-() 4 беттің 2-беті

Құрастырған:  ф.ғ.к., доцент м.а. Г.К. Темирбекова
 аға оқытушы Д.Ж. Кемелхан

Кафедра меңгерушісі  п.ғ.к., доцент м.а. Л.Б.Ибраева

Қазақ, орыс және латын тілдері кафедрасының мәжілісінде талқыланып,
бекітілді.

№ 13 хаттама « 17 » 06 2024 ж.

ÖNTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Қазақ, орыс және латын тілдері кафедрасы «Қазақ тілі» (В1) пәнінен бақылау-өлшеу құралдары		37/11-() 4 беттің 3-беті

№ 2 аралық бақылау сұрақтары

1. Қандай адамдарды «табысты адамдар» деп айтар едіңіз?
2. Біздің заманымыздың ең табысты адамдарын білесіз бе?
3. «Табыс кілті – еңбекте» деген мақалды қалай түсінесіз?
4. Ақша адам өмірінде қаншалықты маңызды?
5. Адамдар ақшаны қалай табады?
6. «Теңге тиыннан құралады» деген мақалдың мағынасын қалай түсінесіз?
7. Отбасы бюджеті дегенді қалай түсінесіз?
8. Отбасы бюджетін жоспарлай білесіз бе?
9. Отбасы бюджетін үнемдеуге бола ма?
10. Отбасы бюджетін жоспарлау отбасылық мәселелерді шешуге септігін тигізе ме?
11. Отбасы бюджетін дұрыс жоспарлай алу үшін не істеу керек?
12. Отбасы бюджетін үнемдеу үшін қандай кеңестер берілген?
13. Сіздің отбасыңызда қаржы мәселесін кім шешеді?
14. Сіз күнделікті қанша теңге жұмсайсыз?
15. Адам өмірінде уақыттың қандай маңызы бар?
16. Бос уақыт дегенді қалай түсінесіз?
17. Бос уақытыңызда немен шұғылданғанды жақсы көресіз?
18. Сіз саяхатқа шыққанды ұнатасыз ба? Қай жерлерде болдыңыз?
19. Есіңізде қалған саяхат туралы айтып беріңіз.
20. Сіз қандай атақты саяхатшыларды білесіз?
21. Қазақстандық белгілі саяхатшыларды атай аласыз ба?
22. Бүгінгі таңда жер шарын аралап жүрген қазақстандық жас саяхатшылар туралы не білесіз?
23. Қазақстанның қандай табиғи көрікті жерлерін білесіз?
24. Өз өлкеніздің әдемі жерлерін сипаттап айтып бере аласыз ба?
25. Қазақстанға шетелдіктер жиі келе ме? Оларды не қызықтырады?
26. Қазақстанға көбіне қай жақтардан туристер көп келеді?
27. Сіз шетелден келген туристерге Қазақстанның қай жеріне баруға кеңес берер едіңіз?
28. Сіз Қазақстан туризмі туралы не білесіз?
29. Қазақстанның қай өңірлерінде туризмді дамыту керек деп ойлайсыз?
30. Сіздің туған өлкенізде туристік нысандар бар ма?
31. Қазақстандағы туристік нысандар қандай топтарға бөлінеді?
32. Қандай табиғи-рекреациялық нысандарды білесіз?
33. Қазақстандағы тарихи-археологиялық ескерткіштерді білесіз бе?
34. Республика аумағындағы тәуеп ету (діни) туризм нысандарын атаңыз.
35. Сіз қазақстандықтар қайда демалады деп ойлайсыз?
36. Сіз Қазақстандағы қандай тарихи орындарға барғыңыз келеді?

ÖNTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Қазақ, орыс және латын тілдері кафедрасы «Қазақ тілі» (B1) пәнінен бақылау-өлшеу құралдары		
		37/11-() 4 беттің 4-беті

- 37.Елімізде туризм саласы қаншалықты дамыған деп санайсыз?
- 38.Әлем елдерінің туризмі, ерекшеліктері туралы не білесіз?
- 39.Өзіңіз қай сала бойынша жаңалықтарды білуге тырысасыз?
- 40.Әлемді ойландыратын өзекті мәселелердің бастысы не деп ойлайсыз?
- 41.Қоршаған ортаны қорғау шаралары туралы не білесіз?
- 42.Елімізде жақында болған қандай ірі мәдени шараны (оқиғаны) білесіз?
- 43.Қоғамды алға жылжытатын басты фактор қандай?
- 44.Білім беру жүйесіндегі модернизациялау деген не?
- 45.Кез келген елдің экономикалық жетістігі немен байланысты?
- 46.Жастардың әлеуетін көтеру үшін қандай міндеттер орындалуы қажет?
- 47.«Қоғамдық-саяси өмір» деген сөздің мағынасын түсіндіріңіз.
- 48.Спорттың маңызы дегенді қалай түсіндіресіз?
- 49.Сізге қандай спорт түрі ұнайды? Неге?
- 50.Ел спортын дамытуға қатысты сізде қандай ұсыныс бар?
- 51.Олардың жеткен жетістіктері сізді қызықтыра ма?
- 52.Әлемде болып жатқан экономикалық жаңалықтардан құлағдарсыз ба?
- 53.Еліміздің өндірістік саласындағы қандай жаңалық естідіңіз?
54. Қоғамдық-саяси жаңалықтар деген не?
- 55.Мемлекеттің мамандарға қатысты басты саясаты қандай?
- 56.Кімдердің орнын өз мамандарымызбен алмастыру қажет?
- 57.Жергілікті әкімдіктер қандай көмек көрсетуі тиіс?
- 58.Латын әліпбиіне өтудің маңыздылығы неде?
- 59.Елімізде тіл мәселесі неліктен өткір деп ойлайсыз?
- 60.Ұлттың тілі жоғалудың салдары қандай?

Грамматикалық тақырыптар

1. Қалау мәнді құрылымдар: -са/-се деймін, ырықсыз етіс.
2. Есімше формаларының септелуі; етістік +есімше жұрнақтары+табыс септік
3. Есімше формаларының септелуі: етістік+есімше жұрнақтары+жатыс септік
4. Сөз тудырушы жұрнақтардың қолданысы
5. Салыстыру мәнді құрылымдар: онымен салыстырғанда, оған қарағанда, гөрі
6. Болжам мәнді құрылымдар: -уы мүмкін; -уы ықтимал; -атын/-етін шығар
7. Көсемшенің қимыл-сын пысықтауыш-тық қызметі
8. Қимылдың өту сипаты: іс-әрекеттің басталуын білдіру, басталуға жақын тұрғандығын білдіру